



## Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 20 маусымдағы № 182 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 20 маусымда № 7770-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 73-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген), Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі" **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 31.10.2024 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*аппарат басшысы*

*Е. Мустафин*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы әкімдігінің  
2024 жылғы 20 маусымдағы  
№ 182 қаулысына қосымша

## Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

--	--	--	--	--	--

Сауда қызметін

№

Орналасу жері

Алатын алаңы ( шаршы метр)

Ж а қ ы н  
орналасқан  
инфрақұрылым  
(ұқсас тауарлар  
ассортименті  
сатылатын сауда  
объектілері,  
сондай-ақ  
қоғамдық  
тамақтану  
объектілері)

Қызмет  
саласы

					жүзеге асыру кезеңі (жыл)
1.	Бесқұдық ауылдық округі, Бесқұдық ауылы, Центральный көшесі, "Простор" дүкеніне қарама-қарсы	10	Жоқ	Азық-түлік емес	5
2.	Волошинка ауылдық округі, Волошинка ауылы, Достық көшесі, жергілікті су көзінің қарама-қарсы	200	Жоқ	Азық-түлік емес	5
3.	Корнеевка ауылдық округі, Корнеевка ауылы, Есім Шайкин атындағы көше, "Жакупова" жеке кәсіпкердің "Корн" ағаш өңдеу цехына қарама-қарсы	126	"Райгүл" азық-түлік дүкені	Азық-түлік/ азық-түлік емес	5
4.	Николаевка ауылдық округі, Николаевка ауылы, Школьная көшесі, "Вильданова В.Г." жеке кәсіпкердің дүкеніне қарама-қарсы	15	"Вильданова В.Г." ЖК азық - түлік дүкені	Азық-түлік/ азық-түлік емес	5
5.	Явленка ауылдық округі, Явленка ауылы, Ершов көшесі, "Мега-Планета" дүкенінің сол жағында	900	"Беллиссимо" дәмханасы	Азық-түлік/ азық-түлік емес	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК